



**Ақтөбе, Алматы және Батыс Қазақстан облыстарының жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерінің атауларын қайта атау және транскрипцияларын өзгерту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 10 наурыз N 356

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"  
Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы

Z934200\_

Заңының

9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Мыналар:

- 1) Алматы облысының Талдықорған ауданы - Ескелді ауданы;
- 2) Батыс Қазақстан облысының Орда ауданы - Бөкей ордасы ауданы болып қайта аталсын.

2. Мына атаулардың орыс тіліндегі транскрипциясы:

- 1) Ақтөбе облысындағы Челкарский район - Шалкарский район;
- 2) Ақтөбе облысындағы город Челкар - город Шалкар;
- 3) Батыс Қазақстан облысындағы Джаныбекский район - Жанибекский район деп өзгертілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК